Азаматтық соғыс кезінде Қызыл Армиядағы партиялық-саяси жұмыс жүйесінің өміршеңдігі көбінесе бұл жүйенің өзегіне айналған қатаң ішкі құрылымға ие болуы себебінен мүмкін болды. Сонымен бірге, ауқымдалып келген кеңес мемлекетінің қарулы күштерін қатал партиялық бақылауға алу ЖШҚА бүкіл құрылысының ажырамас бөлігі болды, бұл ұйымдық құрылымға тікелей әсер етті.

1918 жылы құрылған Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясы жаңа үлгідегі армия деп жарияланды. Ресми түрде, ЖШҚА революцияға дейінгіге қарағанда армиядағы моральдық атмосфераны қалыптастыруға түбегейлі өзгеше көзқарасты қолданды. Зерттеу [2] көрсеткендей, жауынгерді әскери қызмет атқаруға және тікелей бұйрықтарды орындауға ынталандырудағы негізгі сенім жеке құраммен тәрбие және насихаттау жұмыстарына артылған.

Әскери тәртіпті нығайту барысында ел мен армия басшылығы тап болған негізгі проблемалардың бірі – бұл әскерге шақырылатын жеке құрамның толық сауатсыздығы. Бейбіт уақытта бұл проблема ерекше өзектілікке ие болды, себебі ұрыс әрекеттері барысында моральдық тұрақтылық пен тәртіп ахуалын өмірге қауіп төндіру, репрессиялық аппараттың күшейюі және т.б. факторлар айқындайтын. Бейбіт уақытта тәрбие жұмысында бірінші орынға әскери қызметтің мәнін, бұйрықтардың орындалу дәлдігін және ережелер мен рәсімдерді сақтау міндеттілігін түсіндіру қажеттілігі шығады және осы іс-шараларды жүзеге асыруда әскерге шақырылушылардың жаппай сауатсыздығы басты кедергі болды.

Зерттеуші Н.В. Костиннің деректері бойынша бүкіл ел ауқымындағы сауатсыздықты жою 1918 жылы басталды және 1920 жылға қарай жалпы еліміз бойынша 3 млн. адам сауат ашу білімін алған, осы уақыт ішінде 200 мың сауатсыздықты жоюшы ұстаз-мұғалімдер даярланды, РСФСР халықтарының әртүрлі тілдерінде 10 млн. жуық әліпби, 1500 мыңға жуық математика оқулықтары және осыған шамалас саяси сауаттылықты қалыптастыруға арналған кітаптар басылып шығарылды [2].

Осылайша, мемлекеттік және әскери ұйым жаппай білім беру жүйесін құрып, дамытты және бұл жүйе бейбіт уақытта Қызыл Армияны тез арада құру және модернизациялау қажеттілігіне байланысты ЖШҚА қатарында ең жылдам іске асырылды. Барлық экономикалық және саяси қиындықтарға қарамастан, сауатсыздықты жою процесі 1920 жылдары үздіксіз жүрді және әскерде тәртіпті нығайту бойынша партиялық-саяси жұмыс аясында жүзеге асырылды, бұл болашақта жеке құрамды партиялық-саяси тәрбиелеу жүйесін құруға мүмкіндік беретін қажетті негіз болды.

ЖШП(б) VIII съезінің қарарында (1919 ж.) әскери мәселе бойынша армияның революциялық сипаты, ең алдымен, осы армияны құратын, оған мақсат қоятын және оны өз қаруына айналдыратын кеңестік режимнің сипатымен анықталатындығы атап өтілді. Екінші жағынан, бұл ұстанымның кеңестік режимге сәйкес келуіне «жауынгерлердің басым бөлігінің таптық құрамымен, комиссарлар мен коммунистік ұяшықтар ұйымымен, сонымен қатар, армияның өмірі мен қызметіне жалпы партиялық басшылық етумен» қол жеткізіледі [3].

Партиялық-саяси жұмыс жүйесінің ұйымдық құрылымында бірқатар негізгі элементтерді бөліп көрсетуге болады: әскери басқарудың жоғары органдары; әскери кеңестердің мүшелері, Қызыл Армияның әртүрлі деңгейіндегі әскери комиссарлар мен саяси қызметкерлер; Қызыл Армиядағы ЖШП(б) саяси органдары мен ұйымдары; ЖШҚА командалық құрамы.

1918 жылғы 16 қыркүйекте армияны және оның барлық мекемелерін инспекциялау бойынша республиканың Революциялық әскери кеңесінің (РВСР) органы болған ЖШҚА жоғары әскери инспекциясы туралы ереже бекітілді. Ол екі бөлімнен тұрды - әскери және саяси. Саяси бөлімге армия ісінің саяси және қоғамдық жақтарын, үгіт-насихат және мәдени-ағарту жұмыстарын, жеке және командалық құрамның адамгершілік және саяси келбетін және олардың өзара қарым-қатынасын зерттеу, «әскери бөлімнің жұмысымен тығыз байланыста өз жұмыстарын жүргізу» жүктелді [3].

РВСР-дің 1918 жылғы 5 желтоқсандағы бұйрығымен майдан мен тылдың бүкіл саяси жұмысын басқару, сондай-ақ Қызыл Армияда жұмыс істеуге жұмылдырылған барлық партиялық күштердің бөлінуі ЖШП(б) орталық комитетінің директивалары бойынша ең тығыз байланыста жұмыс істейтін Бүкілресейлік әскери комиссарлар бюросына тиесілі екендігі анықталды.

1919 жылғы 31 наурызда РВСР «Аумақтық әскери комиссариаттар жанындағы саяси және ағарту департаменттері туралы ережені» бекітетін бұйрық шығарды. Бұл басқармаға аумақ әскерлеріндегі саяси-ағарту қызметі жүктелді. Сонымен қатар, басқарма ішінде арнайы ағарту-насихат бөлімі ұйымдастырылды.

1919 жылғы 18 сәуірде Л. Троцкийдің бұйрығымен РВСР Саяси бөлімі құрылды, оған таратылған Бүкілресейлік әскери комиссарлар бюросының барлық функциялары өтті.

15 мамырда Саяси бөлім ЖШП(б) ОК әскери бөлімі ретінде әрекет ететін РВСР Саяси басқармасы болып қайта құрылды. Жаңа органның басшысы болып 1919 жылғы 31 мамырда ЖШП(б) ОК мүшесі И.Т. Смилга тағайындалды [4, 17 б.].

1919 жылы Н. Бухарин мен Е. Преображенский «Коммунизм әліппесінде» саяси комиссарлардың қажеттілігі мен өкілеттіктерін теориялық тұрғыдан негіздеді: «Коммунистік ұяшық - билеуші партияның бөлігі, комиссар - бүкіл партияның уәкілі. Осыдан оның бөлімдегі және бөлімнің коммунистік ұяшықтағы рөлі. Осыдан оның командирді қадағалау құқығы. Ол саяси жетекші техникалық орындаушыны бақылайтындай командалық құрамды саяси жетекші ретінде қадағалайды» [4].

Комиссарлар әскери бөлімдер қолбасшылығының қызметін қадағалап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Негізгі, саяси функциялардан бөлек, комиссарлар әкімшілік және шаруашылық басқаруға қатысты.

1920 жылдың басында Қызыл Армияда 3000-нан астам комиссар болды [4, 17 б.].

Қызыл Армияда комиссарлар үлкен құқықтар мен артықшылықтарға ие болды: бөлімше комиссары соғыс жоспарларын әзірлеуге, талқылауға және қабылдауға қатыса алатын және қатысуға міндетті болды, ал бөлімшенің жеке құрамына қатысты құқықтары командирдің құқықтарынан кем түспеді. Бөлімшенің партия қатарына кірмеген командирінің опасыздығына күдік туған кезде комиссар командирді лауазымынан шеттетіп, қолбасшылықты өзі қабылдауға, ал қажет болған жағдайда оны қамауға алуға құқылы болды.

Бір жағынан, мұндай кең өкілеттіктер Қызыл Армиядағы командалық лауазымдардың басым бөлігін өз еркімен қызметке кірген немесе жақындарын кепілге алу арқылы әскери қызметке мәжбүрлеп тартылған ресейлік империялық әскерінің (патша әскерінің) бұрынғы офицерлері құрағандықтан қажет болды. Мемлекет басшылығына бұл командирлердің Кеңес өкіметіне қарсы қару бұра алмайтындығына кепілдік қажет болды. Екінші жағынан, көптеген жағдайларда бұл іс жүзіндегі қос билік теріс салдарға әкелді, себебі әдетте арнайы әскери білімі жоқ комиссарлар командирлерге бөлімшелерді қалыпты басқаруға кедергі келтірді.

1919 жылдан бастап Қызыл Армия бөлімдерінде саяси нұсқаушы (политрук) лауазымы пайда болды. Саяси нұсқаушылар комиссарлар рөлін әскери басқарманың төменгі буындарында, рота деңгейінде және одан төмен, атқарды және комиссарлар сияқты үлкен құқықтарға ие болмады. Іс жүзінде саяси нұсқаушылар саяси-тәрбие жұмысын жүргізе отырып, әкімшілік функцияларының бір бөлігін орындай отырып, бөлімшелердің «кіші» командирлері функциясын орындады.

Алайда саяси органдардың қызметі сынға ұшырайтын. Мысалы, 1920 жылғы 21 желтоқсандағы «Қызыл Армия мен Флоттың саяси қызметкерлерінің республиканың саяси басқармасының жұмысы туралы есеп беру жөніндегі 2-ші Бүкілресейлік жиналысының қарарында» басқарма жұмысында келесі елеулі кемшіліктер бар екендігі айтылды: басқарма тарапынан жергілікті органдарға қатысты идеологиялық-саяси басқарудың мүлдем болмауы; оның армия ұстанған негізгі әскери-ұйымдастырушылық, жауынгерлік және саяси мүдделерден алшақтауы; майданда да, тылда да қызыләскерлер бұқарасындағы саяси жұмыстың басқарылмауы. Кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар ұсынылған.

Зерттеуші В.А. Семыкин мұндай сынды орынды деп есептейді, себебі нәтижесінде саяси органдар Қызыл Армиядағы саяси-партиялық жұмысты ұйымдастыруда қозғаушы генератор болып табылды [3].

Тәрбие жұмысында идеологиялық және саяси тәрбиенің негізгі нысаны ретінде саяси сабақтардың мазмұны мен ұйымдастырушылық формалары Қарулы Күштердің дамуының барлық кезеңдерінде жетілдірілді, ал 1922 жылға қарай саяси тәрбиенің негізгі нысаны бола отырып, олар оқу уақытында және белгілі бір бағдарлама бойынша жүргізіле бастады. Кейіннен, 1924-1925 жылдардағы әскери реформа кезеңінде саяси дайындықта жаңа сапалы өзгеріс байқалды: сабақтарды өткізу әдістері жетілдірілді, олардың мазмұны тереңдей түсті, бірыңғай сабақтар жүйесі жасалды, топ жетекшілерін даярлау жүйесі қалыптаса бастады.

1925 жылдан бастап коммунист командирлер басқарған бөлімдер мен құрамаларда комиссар лауазымы жойылды. Мұндай командирлердің өздері өз бөлімдерінің комиссарлары болып саналды, сонымен бірге командирге саяси бөлім бойынша көмекші (помполит) берілді. Партия мүшелігіне кірмеген командирлер саны үнемі қысқарып отырғандықтан, комиссарлар да азайды.

1935 жылы әскери атақтар жүйесін қалпына келтіру кезінде саяси қызметкерлер үшін арнайы атақтар енгізілді: «лейтенант», «аға лейтенант» және «капитан» жалпы әскери атақтарына сәйкес келетін «кіші политрук», «политрук» және «аға политрук».

Аға саяси қызметкерлердің «комиссар» деген сөзі бар арнаулы атақтары болды: «батальон комиссары» (майор), «полк комиссары» (полковник), «дивизион комиссары» (комдив), корпус комиссары (комкор/генерал-лейтенант), 2-дәрежелі армия комиссары (2-дәрежелі командарм/генерал-полковник), 1-дәрежелі армия комиссары (1-дәрежелі командарм/армия генералы), бас армия комиссары (армия комиссары-генерал), жақша ішінде тиісті жалпы әскери атақтар көрсетілген [4, 18 б.].

Бұл саяси қызметкерлердің атақтарында «комиссар» сөзінің болғанына қарамастан, көбінесе помполиттер лауазымын атқарды, яғни олар толыққанды комиссарлар болмаған.

1937 жылғы 10 мамырда саяси тазарту кезеңінде армияның басқарылуын сақтау мақсатында комиссарлар институты Қызыл Армияда толық көлемде қалпына келтірілді.

1937 жылы 1 469 саяси қызметкер қарулы күштер қатарындағы қызметінен босатылып, қуғын-сүргінге ұшырады, оның ішінде саяси себептер бойынша (негізінен «халық жауларымен байланысы үшін») - 1 045 адам, бұл ретте әскери кеңестердің мүшелері, әскери округтердің саяси басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарлары - 18, корпустардың әскери комиссарлары - 16, дивизиялардың әскери комиссарлары - 57, училищелер мен теңіз құрамаларының әскери комиссарлары - 33 адам [2, 18 б.].

Мұндай әрекеттер, өз кезегінде, саяси қызметкерлердің орын ауыстыруларын және олардың жаңа үміткерлерін туындатты. 1937 жылдың 3-4 айында жоғары лауазымдарға 3 000-нан астам саяси қызметкер тағайындалды, оның ішінде корпустар мен оларға теңестірілген саяси бөлімдердің әскери комитеттері мен бастықтары - 40, училищелер, курстар және теңіз құрамалары саяси бөлімдерінің әскери комитеттері мен бастықтары - 121 адам, ал барлығы осы уақыт ішінде 614 саяси қызметкер осы санат бойынша қызмет ауыстырды.

1937 жылдың соңында саяси қызметкерлер санының жетіспеуі 10 341 адамды құрады немесе олардың жалпы қажеттілігінің 27%, жоғары саяси құрамы санының жетіспеуі 938 адамға жетті. БКП(б) ОК-нің 1938 жылғы шешімімен әскерден босатылуға жататын 5 000 саяси нұсқаушылардың орынбасары әскерде қалдырылды, олар алты айлық курсты аяқтағаннан кейін Қарулы Күштердің кадрына есепке алынды.

1938 жылы БКП(б) ОК шешімімен, ҚХК 1938 жылғы 25 қаңтардағы №19 бұйрығымен жеке құрамды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарған бөлімше саяси нұсқаушыларының орынбасарлары мен көмекшілері (взвод деңгейі) лауазымдары енгізілді. Помполитруктер старшина сияқты төрт үшбұрыш тағулары керек еді, бірақ жеңдерінде комиссар жұлдыздары болды. Саяси нұсқаушы орынбасары лауазымына қызмет ету мерзіміне қарамастан, толық емес немесе толық орта білімі бар, БЛКЖО және БКП(б) мүшелігі бар немесе мүшелігіне үміткер әскери қызметшілер тағайындалды. Саяси жауынгер лауазымын атқаратын қызыл әскерлердің басым бөлігі партия мүшесі емес еді. Алайда, олар бұл тәжірибені барлық жерде тарата алмады. Ең алдымен, кіші командалық құрамның арасында БКП(б) мүшелері немесе комсомол мүшелері болмағандықтан бұл лауазымдарды толықтыру мүмкіндігі болмады.

Бұл жолы комиссар лауазымы 1940 жылға дейін өз күшінде болды, содан кейін ол қайтадан помполит лауазымына ауыстырылды.

1939 ж. - 1940 жылдың басында БКП(б) ОК шешімімен саяси жұмысқа бірнеше мың партия мүшесі шақырылды. Олардың көпшілігі бұрын жауапты партиялық, кеңестік және шаруашылық жұмыста болған. Олар үшін әскери іс бойынша арнайы қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды.

Осылайша, ЖШҚА құрылғаннан бері жауынгерлердің саяси-идеялық тәрбиесінің негізгі формасы саяси сабақтар болды, оның барысында комиссарлар қызыл әскерлерге Кеңес үкіметінің жарлықтарын түсіндірді, саяси әдебиеттердің ұжымдық оқуларын өткізді, әңгімелесулер өткізді. Саяси сауаттылықтың алғашқы оқулығы «Қызыләскер кітапшасы» болды, онда оқырман саяси және әскери-қызметтік сипаттағы маңызды сұрақтарға жауап тапты [5, 32 б.].

Соғысқа дейінгі үш жылдың ішінде орта саяси құрамның 14 000 адамы дайындалды. Осы уақытта ЖШҚА Хасан көлі маңындағы (1938 ж. 29 шілде-11 тамыз) және Халхин-Гол өзеніндегі (1939 ж. 11 мамыр-31 тамыз) жанжалдарға қатысты, Батыс Украина мен Белоруссияға жорық жасады (1939 ж. 17-28 қыркүйек), Финляндияға қарсы соғысты (1939 ж. 30 қараша - 1940 ж. 12 наурыз), Балтық республикаларына (1940 ж. 15-21 маусым) және Бессарабияға (1940 ж. 28-30 маусым) кірді [4, 19 б.].

Сонымен бірге, саяси қызметкерлердің білім деңгейі өте төмен болып қала берді. Халық комиссары С.К. Тимошенко 1940 жылғы желтоқсанда жоғары командалық-басшылық құрамның жиналысында қорытынды сөзінде көптеген жетекші саяси қызметкерлердің жалпы және әскери-саяси дайындығы қанағаттанарлықсыз, армияның саяси құрамының көпшілігінде (73 %) әскери дайындық жоқ, запастағы саяси құрамның басым бөлігінің (77%) әскери білімі жоқтығын атап өтті.

Соғыс қарсаңында 60-тан астам әскери-саяси училищелер мен курстар саяси қызметкерлерді дайындады.

1939 жылы Әскери-теңіз күштерінің қажеттіліктеріне мамандандырылған алғашқы әскери-саяси училище ашылды. 2 жыл ішінде (1939 - 1940 жж.) 1 065 офицер даярланды.

Әскери комиссарлар институты Қорғаныс Халық Комиссары лауазымына тағайындалған, Кеңес Одағының Маршалы С.К. Тимошенконың шұғыл өтініші бойынша жойылды [6].

Осылайша, соғысқа дейінгі кезеңдегі Қызыл Армиядағы саяси жұмыстың мазмұнды жағы жағымды және жағымсыз сәттердің қиын шиеленісуімен ерекшеленді.

ЖШҚА-дағы саяси жұмыстың жағымды жақтарының ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

біріншіден, соғыс алдындағы жылдардағы саяси органдардың қызметі армияның жауынгерлік әзірлігін қамтамасыз етуге бағытталған және командирлер, саяси қызметкерлер, партия және комсомол ұйымдары жүргізген жұмыстың нәтижесінде Қарулы Күштердің барлық түрлеріндегі жауынгерлік және саяси дайындық көп жағдайда қайта құрылып, 1941 жылдың басында айтарлықтай жақсарды;

екіншіден, саяси органдар партиялық-саяси жұмысты марксизм-ленинизм, коммунистік партия және кеңес халқы идеяларына адал жауынгерлерді тәрбиелеуге бағыттады. Идеялық-теориялық тәрбиенің барлық нысандары мен әдістері осы міндеттерді шешуге бағындырылды: саяси сабақтар, басшы құрамның марксистік-лениндік дайындығы, партиялық ағарту, үгіт-насихат және мәдени-ағарту жұмыстары;

үшіншіден, соғыс басталғанда әскерде идеялық-тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі қалыптасты. Қызыл Армиядағы идеологиялық жұмыс тұтастай алғанда жеке құрамның рухани көңіл-күйіне белсенді әсер етті, ол көп жағдайда жарқын болашақты құрып, қорғайтынына сенімді болды. Бұл жұмысқа мыңдаған партиялық ұйымдар, миллиондаған коммунистер қатысқандығы да маңызды болды. Болашақта идеялық-теориялық көзқарастар Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысындағы жеңісін нығайтушы және жұмылдырушы фактор болды;

төртіншіден, Кеңес Одағының әскери-саяси басшылығы 1939-1940 жылдардағы кеңес-финляндия соғысының тәжірибесіне сүйене отырып, әскери идеологияның кейбір маңызды аспектілерін қайта қарауға және түзетуге әрекет жасады. Атап айтқанда, Қызыл Армияның «жеңілмейтін» деп қарапайым-жеңілдетілген сипаттамасынан бас тарту туралы шешім қабылданды, идеологияда интернационалдықтан әскери қызметшілерді патриоттық тәрбиелеуге бет бұру әрекеті жасалды, Азаматтық соғыс тәжірибесіне табынуды бұзу науқаны басталды және т.б.;

бесіншіден, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңес жауынгерлерінің табандылығы, Отанға деген адалдығы, жаппай ерлігі Қызыл Армияда соғысқа дейінгі жылдары белсенді және мақсатты түрде жүргізілген партиялық-саяси жұмыстың тиімділігін дәлелдеді.

Қорытынды. Алайда, 1939-1941 жылдардағы Қызыл Армиядағы саяси жұмыстың мазмұнындағы жағымды сәттермен қатар, әскери қызметшілерді тәрбиелеу процесіне теріс әсер ететін көптеген жағымсыз жағдайлар болды.

Біріншіден, әскери-саяси басшылықтың болашақ соғысқа деген көзқарастары теріс рөл атқарды, бұл кеңестік әскери доктриналық қатынастарға теріс әсер етті, онда қорғаныс шешуші шабуылға дейін әскерлердің уақытша жағдайы ретінде қарастырылды.

Екіншіден, әскери-саяси жағдайды бағалаудағы қателіктердің салдарынан үгіт-насихат жеке құрамның жауынгерлік операциялардағы қолбасшылықтың сипатын, мақсаттары мен ниетін түсінуін дамытуға негізделген бағыт бермеді. 1939 жылдың тамызынан кейін герман фашизмі мәнін, оның жаулап алушы ұмтылыстарын әшкерелеу міндеті алынды, бұл соғысқа дейінгі кезеңде әскери қызметшілердің санасын азғындады.

Үшіншіден, үгіт-насихат жұмысында біздің кеңестік қарулы күштерімізді асыра бағалау, ықтимал жаудың күштерін кеміту орын алды. Соғысқа дейінгі жылдардағы ұрандардың мазмұнына соғыс оңай болады және көп күш жұмсалмайды, ықтимал қарсылас соншалықты күшті емес деген және т.б. мән-мағына салынды. Формализмге, үгіт-насихат жүргізуде қарапайым тәсілге жол берілді. Мұның барлығы моральдық факторды қалыптастыруға, Қызыл Армия жеке құрамының агрессорға төтеп беруге моральдық-саяси әзірлігіне саяси жұмыстың әсерін әлсіретпей қоймады.

Төртіншіден, Қызыл Армияның құрылысы мен дайындығының барлық салаларына қатысы болған қуғын-сүргін кадр саясатына да әсер етті. Әскери кадрларды іріктеу негізінен саяси критерийлер бойынша, көбінесе әскери-кәсіби көрсеткіштерді ескерусіз жүзеге асырылды.

Бесіншіден, 1930-шы жылдары Қызыл Армияның жеке құрамы әлеуметтік әділетсіздікке жиі тап болды, бұл, өз кезегінде, шиеленісті, жанжал жағдайларын туындатты. Барлық басқару құжаттарында кеңестік әскери тәртіп әскери қызметшілердің жоғары санасына негізделгені көрсетілгеніне қарамастан, іс жүзінде ол көбінесе қорқынышқа негізделген: көбінесе қызыләскерлер командирлер мен саяси қызметкерлерден қорқатын, жазалардың ауырлығынан қорқатын, мәжбүрлеу шаралары сендіру әдістерінен басым болған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Управление воспитательной и социально-правовой работой в повседневной деятельности войск. Учебное пособие. – Щучинск: Национальный университет обороны, 2010. – 318 с.

2 Костин Н.В. Ликвидация безграмотности как основополагающий фактор укрепления воинской дисциплины в рядах Красной Армии в 1920-х гг. / Сборник материалов международной научно-практической конференции «Развитие отечественной исторической науки в XXI веке». – М., 2012. – 312 с.

3 Семыкин В.А. Из истории строительства политорганов и организаций РКП (б) в Красной Армии в годы Гражданской войны (1918 – 1920 гг.) / Сборник материалов международной научно-практической конференции «Развитие отечественной исторической науки в XXI веке». – М., 2012. – 312 с.

4 Лукманов Р.Н. Организация идеологической работы в Вооруженных Силах и воспитание военнослужащих: учебное пособие. – Астана: НУО, 2014. – 120 с.

5 Идеологическая работа в части: содержание, организация, методика / Л.С. Балашов, В.С. Глущец, В.П. Хробостов и др. – М.: Воениздат, 1983. – 175 с.

6 Гурьянчик В.Н. Политическая работа в Красной Армии: 1939 г. - июнь 1941 г.: дисс. ... канд. истор. наук. – Ярославль, 2004. – 226 с.

УДК 355:94
МРНТИ 78.09.15

Д.К. МАЙХИЕВ[1], доктор философии (PhD)
Р.Д. БЕЛЯЛОВ[1], докторант
Р.К. КАЛЕЛБЕКОВ[1], докторант
[1]Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан - Елбасы, г. Астана

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОРГАНОВ И ВОЙСК НАРОДНОГО КОМИССАРИАТА ВНУТРЕННИХ ДЕЛ В БИТВЕ ПОД МОСКВОЙ

Майхиев Даурен Кулибекулы, Белялов Руслан Даиржанович, Калелбеков Ринат Калелбекович

Деятельность органов и войск Народного комиссариата внутренних дел в битве под Москвой

Аннотация. В статье проведен краткий анализ деятельности органов и войск НКВД в битве под Москвой. Рассмотрена их служебно-боевая деятельность на дальних и ближних подступах к Москве и выявлены особенности их участия в Московском сражении. Раскрыты менее известные исторические факты предпринятые Ставкой Верховного командования по подготовке Москвы к обороне и деятельность органов и войск НКВД.

В работе описаны состав и примерная численность войск Красной Армии сосредоточенных под Москвой, а также состав и количество боевой техники, личного состава группировки немецко-фашистских войск совершивших вероломное нападение на СССР.

Приведены ярчайшие примеры стойкости, мужества и массового героизма советских солдат, в том числе офицерами, бойцами войск НКВД в битве под Московской.

Ключевые слова: органы и войска Народного комиссариата внутренних дел, битва за Москву, войска Красной Армии, Государственный Комитет обороны СССР, 2-я мотострелковая дивизия особого назначения, ОМСБОН, ОМСДОН, МСДОН, 32-й истребительный батальон, артиллерийская батарея ОМСДОН, 34-й полк войск НКВД, противотанковая батарея ОМСДОН, 73-й полк войск НКВД, 156-й полк войск НКВД.

Дәурен Күлібекұлы Майхиев, Руслан Даиржанұлы Белялов, Ринат Қалелбекұлы Қалелбеков

Мәскеу шайқасында Ішкі Істер Халық Комиссариатының органдары мен әскерлерінің қызметі

Түйіндеме. Мақалада Мәскеу шайқасында ІІХК органдары мен әскерлерінің қызметіне қысқаша талдау жасалды. Олардың Мәскеуге жақын және жақын жерлердегі қызметтік-жауынгерлік қызметі қарастырылып, олардың Мәскеу шайқасына қатысу ерекшеліктері анықталды. Мәскеуді қорғауға дайындау жөніндегі Жоғарғы қолбасшылықтың ставкасы мен ІІХК органдары мен әскерлерінің қызметі аз белгілі тарихи фактілер ашылды.

Жұмыста Мәскеу маңында шоғырланған Қызыл Армия әскерлерінің құрамы мен шамамен саны, сондай-ақ КСРО опасыздық жасаған неміс-фашистік әскерлер тобының құрамы мен саны сипатталған.

Кеңес сарбаздарының, соның ішінде офицерлердің, Мәскеу шайқасында ІІХК әскерлерінің жауынгерлерінің табандылығының, батылдығының және жаппай батырлықтың жарқын мысалдары келтірілген.

Түйінді сөздер: ішкі істер халық комиссариатының органдары мен әскерлері, Мәскеу шайқасы, Қызыл Армия әскерлері, КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті, 2-ші арнайы мақсаттағы мотоатқыштар дивизиясы, ОМСБОН, ОМСДОН, МСДОН, 32-ші жауынгерлік батальон, ОМСДОН артиллериялық батареясы, ІІХК әскерлерінің 34-ші полкі, ОМСДОН танкке қарсы батареясы, ІІХК әскерлерінің 73-ші полкі, ІІХК әскерлерінің 156-шы полкі.

Mayhiev Dauren, Belyalov Ruslan, Kalelbekov Rinat

The activities of the bodies and troops of the People's Commissariat of Internal Affairs in the battle near Moscow

Abstract. The article provides a brief analysis of the activities of the organs and troops of the PCIA in the battle of Moscow. The article considers their service and combat activities on the distant and near approaches to Moscow and identifies the features of their participation in the Moscow battle. The less well-known historical facts undertaken by the Headquarters of the Supreme Command to prepare Moscow for defense and the activities of the organs and troops of the PCIA are revealed.

The paper describes the composition and approximate number of the Red Army troops concentrated near Moscow, as well as the composition and quantity of military equipment, personnel of the group of German-fascist troops who made a treacherous attack on the USSR.

The clearest examples of the staunchness, courage and mass heroism of Soviet soldiers, including officers and soldiers of the PCIA troops in the battle of Moskovskaya, are given.

Key words: Bodies and troops of the People's Commissariat of Internal Affairs, the battle for Moscow, the Red Army troops, the State Defense Committee of the USSR, the 2nd Special Purpose Motorized Rifle Division, SMRBSP,

SMRDSP, MRDSP, 32nd Fighter Battalion, SMRDSP Artillery Battery, 73rd Regiment of Troops PCIA, 156th regiment of the PCIA troops.

Введение. Актуальность темы исследования обусловлена тем, что в истории битвы под Москвой (октябрь 1941- январь 1942 гг.) участие органов и войск Народного комиссариата внутренних дел (НКВД) занимает особое место. Вместе с тем, их участие слабо освещено в военно-исторической литературе.

Заметим, что служебно-боевая деятельность органов и войск НКВД в боях на дальних и ближних подступах к Москве мало освещена в открытой печати в силу своей специфики, однако битва за Москву одна из крупнейших сражений периода Великой Отечественной войны, в которой органы и войска НКВД принимали активное участие в обороне города, сражались на отдельных направлениях с немецко-фашистскими захватчиками.

Цель исследования - осветить подвиги офицеров и солдат войск НКВД. От результата битвы за Москву зависела дальнейшая судьба Советского народа.

Задачи исследования:

1. Провести краткий анализ служебно-боевой деятельности органов и войск НКВД в битве под Москвой, а также ярчайших примеров стойкости, мужества и массового героизма советских солдат, в том числе офицеров, бойцов войск НКВД в битве под Московской.

2. Выявить особенности участия органов и войск НКВД в Московском сражении и раскрыть менее известные исторические факты предпринятые Ставкой Верховного командования по подготовке Москвы к обороне.

3. Описать состав и примерную численность войск Красной Армии сосредоточенных под Москвой, а также состав и количество боевой техники, личного состава группировки немецко-фашистских войск совершивших вероломное нападение на СССР.

Исследование проводилось путем изучения литературных источников.

Войска Красной Армии в боях под Москвой проявили стойкость, мужество, был проявлен героизм, всенародный воинский дух, ненависть к врагу.

В самые тяжелые дни битвы под Москвой органы и войска НКВД совместно с войсками Красной Армии сыграли важную роль в стабилизации положения на фронте.

В отдельных исследованиях авторов [1, 2], учебниках по истории о деятельности Внутренних войск [3], рассмотрены сражения Красной Армии под Москвой.

Опираясь на труды других исследователей сделаем попытку выявить особенности участия органов и войск НКВД в боях под Москвой.

На органы и войска НКВД в тот период были возложены ряд важных служебно-боевых задач по обеспечению и охране общественного порядка в Москве и подступах к ней, но менее известны другие меры, предпринятые руководством страны для защиты Москвы, связанные с деятельностью органов и войск НКВД [3, с. 67].

Так для усиления войск НКВД Московского гарнизона 7 октября 1941 года была сформирована вторая мотострелковая дивизия особого назначения НКВД [3, с. 66].

Принимая дополнительные меры по защите Москвы, решением Государственного Комитета обороны СССР от 13 октября 1941 года был создан штаб охраны Московской зоны в пределах прифронтовой полосы, прилегающей к Москве с запада и юга, по линии Калинин-Ржев-Мажайск-Калуга-Тула-Коломна-Капира. Обязанности начальника охраны Московской зоны были возложены на заместителя наркома внутренних дел. Вся зона была разделена на 7 секторов. В распоряжение каждого начальника сектора придавались подразделения войск НКВД и оперативно подчинялись районные органы внутренних дел, милиция, истребительные батальоны и заградительные отряды [3, с. 67].

На созданные структурные подразделения НКВД были возложены следующие задачи:

очистка территории от всех подозрительных и сомнительных элементов;

усиление борьбы с дезертирством;

наведение общественного порядка и порядка на дорогах, ведущих в Москву.

В Москве к этому времени было сосредоточено десять дивизий, бригад, училищ и школ НКВД, общей численностью более 22 тысяч человек [3, с. 67].

Ярчайшим примером, участие войск НКВД в обороне Москвы является служебно-боевая деятельность военнослужащих Отдельной мотострелковой бригады особого назначения *(ОМСБОН)* войск НКВД.

Из ОМСБОН выделялись саперы и подрывники-минеры для устройства инженерных сооружений, минирования дорог и сооружений на подступах к Москве и в самом городе [1, с. 41].

С начала октября 1941 года на западном направлении советско-германского фронта развернулись основные боевые действия. Немецкая группа армий «Центр» готовилась к нанесению и удару по Москве [4, с. 57].

Известно, что группа армий «Центр» состояла из трех полевых армий (2-й, 4-й и 9-й) и трех танковых групп (2-й, 3-й и 4-й), насчитывавших около 75 дивизий, в том числе 14 танковых и 8 моторизованных, то есть примерно 38% пехотных и 64% танковых и моторизованных дивизий, действовавших на советско-германском

фронте. Всего в группе армий «Центр» находилось до 1800 тыс. человек, 1700 танков, свыше 14 тыс. орудий и минометов, 1390 самолетов, что превышало все три советских фронта вместе взятых, по людям – в 1,25 раза, по танкам – в 2,2 раза, по орудиям и минометам – в 2,1 раза и по самолетам в 1,7 раз. [4, с. 57].

С приближением противника к Москве, Ставкой Верховного командования были предприняты меры по подготовке города к ведению уличных боев в случае прорыва немецко-фашистских войск. В этой связи был создан оборонительный рубеж, состоявший из трех полос, границы которых проходили по Окружной железной дороге, Садовому и Бульварному кольцам [5, с. 105].

Особое упорство и мужество при обороне Москвы проявили воинские части Отдельной мотострелковой дивизии особого назначения *(ОМСДОН)* имени Ф.Э. Дзержинского и 2-й мотострелковой дивизии особого назначения *(МСДОН)* войск НКВД, которые получили боевую задачу прикрыть город с северного и северо-западного направления между Ярославским и Можайским шоссе [5, с. 106].

В военной литературе, описано, что одними из первых вступили в бой с прорвавшимся на боровском направлении немецким 110-м моторизованным батальоном 57-го моторизованного корпуса подразделения войск НКВД в составе батальона 2-го мотострелкового полка ОМСДОН имени Ф.Э. Дзержинского под командованием капитана И.П. Ключко. Военнослужащие батальона вместе с бойцами 32-го истребительного батальона сдерживали натиск врага, обороняя рубеж в районе Ищеино [5, с. 107].

«Обойдя Малоярославецкий боевой участок с севера, немецко-фашистские танковые части нанесли удар на Боровск. Упорное сопротивление врагу на боровском направлении оказали усиленный батальон Московской дивизии НКВД имени Ф.Э. Дзержинского под командованием капитана И.П. Ключко и истребительный батальон ополченцев Подмосковья. В течение целого дня они сдерживали бешеный натиск передовых частей немецко-фашистских войск, обороняя рубеж в районе Ищеино (в 25 километрах юго-западнее Боровска)». Так, командующий Московским военным округом генерал-полковник П.А. Артемьев описывал примеры мужества и героизма проявленные бойцами войск НКВД [5, с. 107].

В этих боевых действиях противник потерял 5 танков и более сотни солдат и офицеров [5, с. 107].

В качестве следующего примера, подтверждающего самоотверженность и героизм воинов войск НКВД в битве под Москвой можно привести отражение наступления превосходящих сил противника артиллерийской батареей ОМСДОН, которой командовал старший лейтенант В.И.Левкин. Она действовала под Мценском в составе 34-го полка войск НКВД, срочно сформированного в Москве из подразделений отошедшего с боями с западной границы 84-го полка по охране железнодорожных сооружений, 171-го полка по охране особо важных предприятий промышленности, батальона пограничников и усиленного двумя артиллерийскими батареями из ОМСДОН имени Ф.Э. Дзержинского [5, с. 107].

Противник бросил на рубеж, обороняемый батареей старшего лейтенанта В.И. Левкина, около 40 танков и пехоту, поддерживаемую артиллерией. Метким огнем артиллеристы сразу подбили два танка, а потом еще несколько машин задымились. Танковая атака фашистов сорвалась [4, с.107].

Итоги этого жаркого и тяжелого поединка были описаны в сообщении Совинформбюро от 26 октября 1941 года: «Батарея старшего лейтенанта Левкина В.И. уничтожила шесть вражеских танков, один пикирующий бомбардировщик и рассеяла батальон вражеской пехоты» [5, с. 108].

В боях под Мценском особо отличилась противотанковая батарея (45-мм орудий) ОМСДОН, также переданная в состав 34-го полка НКВД, которой командовал лейтенант И.Л. Кузнецов (впоследствии за бои на Кавказе удостоен звания Героя Советского Союза). Она обороняла важный рубеж на танкоопасном направлении [5,с. 108].

На данном рубеже, в ходе кровопролитного боя отличился наводчик орудия красноармеец С.Е. Белоус, который лично подорвал танк противника и вызвал огонь батареи на себя.

За героизм и самоотверженность красноармеец С.Е. Белоус был награжден орденом Ленина. Номер газеты «Красная звезда» от 24 октября 1941 года открывался передовой статьей «Защитник Москвы Сергей Белоус»: «Презрение к смерти во имя защиты Москвы, - писала газета, – вот что позволило Сергею Белоусу сорвать злодейский план фашистов, прославило его на всю страну... Будем же, товарищи, тверды как сталь, бесстрашны и хладнокровны всегда и везде! Будем биться за Родину, за Москву так, как бьются Сергей Белоус и тысячи других героев обороны столицы» [интернет].

Героически проявил себя и экипаж бронепоезда 73-го полка войск НКВД по охране железнодорожных сооружений, вошедший согласно приказу командующего войсками Московского военного округа вместе с 310-м пулеметным батальоном в дмитровский отряд, которому была поставлена задача прикрыть Дмитровское шоссе и подступы к городу на восточном берегу канала Москва-Волга [6, с. 215].

К полудню 22 ноября 1941 г. отряд прибыл в г. Дмитров и занял оборону на заранее подготовленном рубеже Татищево-Перемилово. 28 ноября 1941 г. бронепоезд, выполняя боевой приказ командующего 1-й ударной армии, на перегоне Дмитров-Яхрома выбил противника из занятой им переправы через канал Москва-Волга, подбив 7 танков и уничтожив минометную батарею [6, с. 215].

На следующий день бронепоезд уничтожил 12 вражеских танков и до батальона пехоты, действующих в районе Дмитрова [6, с. 215].

Проведение 7 ноября 1941 года военного парада на Красной площади Москвы имело важное политическое значение, где почти половину привлекаемого личного состава составили военнослужащие войск

НКВД. Из 89 батальонов, участвовавших в параде, 42 батальона были из состава войск НКВД, в том числе и из прославленной ОМСДОН имени Ф.Э. Дзержинского [3, с. 67].

Необходимо отметить, что к началу декабря 1941 года благодаря контрударам советских войск, противник был остановлен на расстоянии 30 км от Москвы. Последняя попытка захвата города немецкими войсками была предпринята 1 декабря 1941 года. Соединения немецкой 4-й армии смогли вклиниться в советскую оборону на наро-фоминском направлении до 25 км, однако к 5 декабря 1941 года были отброшены назад [1, с. 45].

Знаем, что наши отцы и деды, бойцы Красной Армии ценой своей жизнью отстояли в жесточайшей битве за Москву не только Столицу, а также народ, свою землю, свое будущее. В результате контрнаступления советских войск противник был отброшен на запад на 100-250 км. Советские войска ликвидировали угрозу Москве, облегчили положение города Ленинграда, очистили от захватчиков полностью или частично территорию 10 областей, а также освободили более 60 городов. Потерпев крупное поражение, противник на всем советско-германском фронте вынужден был перейти к стратегической обороне [7, с. 57].

В ходе контрнаступления советских войск начавшегося 5 декабря 1941 года под Москвой, соединения и воинские части войск НКВД также приняли активное участие.

Так, отличившийся при обороне Тулы 156-й полк 69-й бригады войск НКВД по охране особо важных предприятий промышленности участвовал в освобождении 25 населенных пунктов [6,с. 309].

В ликвидации Елецкой группировки противника участвовала 57-я бригада войск НКВД по охране особо важных предприятий промышленности, воинские части которой освободили 192 населенных пунктов, уничтожили более 4,5 тыс. солдат и офицеров противника [4, с. 216].

В работах С.М. Штутмана «Боевые потери войск НКВД» приводятся данные, что общие потери в личном составе войск НКВД за 6 месяцев боев 1941 г. составили более 50000 человек [2, с. 25].

Заключение. Таким образом, проведенный краткий анализ о деятельности органов и войск НКВД в битве под Москвой показал, что в победе Красной Армии в сражениях под Москвой войска НКВД проявили стойкость и упорство и не были сломлены под натиском врага, выполняя служебно-боевые задачи.

Попытки противника дезорганизовать тылы Красной Армии не увенчались успехом. Войска НКВД успешно боролись с вражескими агентами и диверсантами, заброшенными в тыл советских войск. При проведении мероприятий по обеспечению осадного положения в столице органы и войска НКВД выполняли поставленные задачи. Органы и войска НКВД совместно с Красной Армией отражали наступление противника на Москву.

Победа Красной Армии в битве под Московской улучшила военно-политическое положение Советского Союза и еще сильнее сплотила народы страны. Разгром немецко-фашистских войск под Москвой явился решающим военно-политическим событием первого года Великой Отечественной войны и первым крупным поражением фашистской Германии.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Федоров А.Б., Голядин Г.Н. органы и войска НКВД СССР в битве за Москву к 75-летию разгрома немецких войск под Москвой. Вестник Санкт-Петербурского университета МВД России №4 (72) 2016.- С.41-45.

2 Штутман С.М. Боевые потери войск НКВД // На боевом посту. - 1990. - № 4.

3 Сафонов О.Л. Внутренние войска: история и современность. - Петропавловск: 2007.- 270 с.

4 Некрасов, В. Ф., Борисов А.В., Детков М.Г. и др. Органы и войска МВД России: краткий исторический очерк. - М.: Объединенная редакция МВД России, 1996. - 464 с.

5 Беркутов А.С., Климов А.А., Марценюк Ю.А., Ченцов А.С., Штутман С. М. История внутренних войск. - Т. 3 (1941-1945 гг.): военно-исторический труд. - М.: Редакция журнала «На боевом посту» внутренних войск МВД России, 2011 - 424 с.

6 Внутренние войска в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.: документы и материалы.– М.: Юридическая литература, 1975. - 728 с.

7 Вторая мировая война. Итоги и уроки. - М.: Воениздат. 1985. - 447 с.

УДК 355:94"1939/1945"
МРНТИ 78.09.15

Н.С. ИСКАКОВА[1], *тарих ғылымдарының кандидаты, қауым. профессор (доцент)*
[1]*Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ.*

ҚЫЗЫЛ АРМИЯДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ: СОҒЫС КЕЗЕҢІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Назгүл Сақтағанқызы Ысқақова

Қызыл армиядағы тәрбие және идеологиялық жұмыс органдарының қызметі: соғыс кезеңінің ерекшеліктері

Түйіндеме. Бұл мақалада автор Ұлы Отан соғысы жылдарындағы саяси-партиялық жұмыс (жеке құрамға идеологиялық әсер ету) органдарының қызметінің ерекшеліктерін қарастырады.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңес жауынгерлерінің табандылығы, Отанға деген адалдығы, жаппай ерлігі Қызыл Армияда соғысқа дейінгі жылдары белсенді және мақсатты түрде жүргізілген саяси-партиялық жұмыстың тиімділігін дәлелдеді.

Соғыс жылдарында саяси-партиялық жұмыстың басты мазмұны жеке құрамның өз Отанына, халқына және партиясына шексіз адалдығын тәрбиелеу, жаппай батырлықты, табандылықты және жеңіске деген сенімділікті тәрбиелеу болды. Саяси-партиялық жұмыс нақты жағдайды ескере отырып жүргізілді, өте алуан түрлі болды және оның жеке құрамға әсері өте тиімді болды.

Соғыс кезіндегі саяси-партиялық жұмыстың тарихи тәжірибесін талдау авторға бірқатар тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Түйінді сөздер: Қызыл Армия, тәрбие органдары, саяси-партиялық жұмыс, Ұлы Отан соғысы.

Искакова Назгуль Сактагановна

Деятельность органов воспитательной и идеологической работы в красной армии: особенности военного периода

Аннотация. В данной статье автор рассматривает особенности деятельности органов партийно-политической работы (идеологического воздействия на личный состав) в годы Великой Отечественной войны.

Стойкость, преданность Родине, массовый героизм советских воинов в годы Великой Отечественной войны доказали действенность партийно-политической работы, которая активно и целеустремленно проводилась в Красной Армии в предвоенные годы.

В годы войны главным содержанием партийно-политической работы явилось воспитание у личного состава беспредельной преданности своей Родине, народу и партии, воспитание массового героизма, стойкости и уверенности в победе. Партийно-политическая работа проводилась с учетом конкретной обстановки и была очень многообразной, а ее воздействие на личный состав было очень действенным.

Анализ исторического опыта партийно-политической работы в годы войны позволил автору сделать ряд выводов.

Ключевые слова. Красная Армия, органы воспитательной работы, партийно-политическая работа, Великая Отечественная война.

Iskakova Nazgul

Activity of educational and ideological work bodies in the red army: features of the war period

Abstract. In this article, the author examines the features of the activity of party-political work bodies (ideological influence on personnel) during the Great Patriotic War.

Steadfastness, devotion to the Motherland, mass heroism of Soviet soldiers during the Great Patriotic War proved the effectiveness of party and political work, which was actively and purposefully carried out in the Red Army in the pre-war years.

During the war, the main content of party and political work was the education of the personnel of boundless devotion to their Homeland, people and party, the education of mass heroism, perseverance and confidence in victory. The party-political work was carried out taking into account the specific situation and was very diverse, and its impact on the personnel was very effective.

The analysis of the historical experience of party and political work during the war allowed the author to draw a number of conclusions.

Key words. The Red Army, educational work bodies, party and political work, the Great Patriotic War.

Кіріспе. Соғыс кезеңі Кеңес Одағы кезіндегі қарулы күштердегі тәрбие және идеологиялық жұмыс органдарының қызметіндегі маңызды кезең болып табылады.

Ұлы Отан соғысы (1941-1945 жж.) жағдайы алғашқы күннен жеке құрамның саяси дайындығын түбегейлі қайта құруды талап етті, ол ақпаратты жедел жеткізу формаларына ие бола бастады.

Саяси-партия жұмысының басты мазмұны жеке құрамның өз Отанына, халқына және партиясына шексіз адалдығын тәрбиелеу, жаппай батырлықты, табандылық пен жеңіске деген сенімділікті тәрбиелеу болды.

Ұрыстар мен шайқастарда жеңіске қол жеткізудің басты факторларының бірі Кеңес Армиясының барлық жеке құрамының жоғары саяси-моральдық жағдайы болғанын ескере отырып, саяси органдар мен партиялық ұйымдардың негізгі және тұрақты қамқорлығы жеке құрамның жоғары моральдық рухы мен табандылығын тәрбиелеу болып табылды. Жауынгерлік жағдайдың, әсіресе соғыстың бірінші кезеңіндегі, үлкен қиындықтары мен күрделілігіне қарамастан, жеке құрамның жеңіске деген сенімін, жоғары моральдық рухты және партия мен халыққа деген терең адалдықты сақтап қалуына қол жеткізу қажет болды.

Саяси-партиялық жұмыс нақты жағдайды ескере отырып жүргізілді және өте алуан түрлі болды. Оның жеке құрамға әсері өте тиімді болды. Митингі, саяси әңгімелесу, саяси ақпараттандыру секілді түрлер ең көп мәнге ие болды, онда партияның жанды сөзі адамдардың жүрегіне және сана-сезіміне жетіп, оларды ерлікке жетеледі. Саяси қызметкерлер мен партия ұйымдары баспа және жеке қарым-қатынас арқылы батырлардың ерліктерін насихаттау жөнінде үлкен жұмыс атқарды. Саяси-партиялық жұмыстың тиімділігін арттыруда саяси қызметкерлер мен коммунистердің жеке үлгісі үлкен рөл атқарды, олар әрдайым алдыңғы қатарда, ұрыстың мәні шешілетін ең қиын жерлерде болды.

Соғыстың алғашқы жылдарында жеке құрам арасында саяси-партиялық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу өте маңызды болды, бұл кезде жауынгерлердің бойындағы сенімсіздік және тіпті жаудан қорқу сезімі айтарлықтай шығындарға ұшырататын. Саяси қызметкерлер мен партиялық ұйымдардың басшылары жаудың кеңес жауынгерлерінің жауынгерлік және моральдық рухын бұзбауы үшін бәрін жасады; олар тек батылдық, табандылық пен ұйымшылдықтың көрінісі арқылы жаудың соққыларына төтеп беріп, оған одан да үлкен кері соққылар беріп, оны толығымен жеңуге болатынына сенімді болды.

1941 жылдың басында саяси жұмысқа жергілікті партия ұйымдары 1 500 коммунист жіберді, ал 17 маусымда ОК осы мақсатта тағы 3 700 коммунист жұмылдыру туралы шешім қабылдады.

1941 жылдың басында саяси қызметкерлерді 4 жоғары әскери-саяси оқу орындары, 9 армия және 17 округтік әскери-саяси училищелері, 16 округтік кіші саяси нұсқаушылар курстары және 15 округтік партия курстары дайындады [1, 19 б.].

Партия нұсқауларын басшылыққа ала отырып, әскери кеңестер, командирлер мен саяси қызметкерлер, партиялық және комсомол ұйымдары жауынгерлерді марксизм-ленинизм идеялары, социалистік Отанға деген шексіз берілгендік, жауға деген өшпенділік, фашизмді жеңуге деген терең сенім, соңғы демге дейін Отан намысы үшін күресуге үнемі дайындық рухында тәрбиеледі. Бұл саяси жұмыстың басты міндеті болды.

Соғыс саяси жұмыс көлемін кеңейтті. Оны қайта құру жүргізілді. Саяси насихаттың Бас басқармасы 1941 жылдың шілдесінде ЖШҚА-ның Бас саяси басқармасына, армиялардың, корпустардың, дивизиялардың саяси бөлімдеріне айналды. Әскери комиссарлар енгізілді, олардың міндеттері анықталды. Әскери комиссарлар лауазымына, әдетте, әскери және саяси жағынан тәжірибелі, сауатты саяси қызметкерлер тағайындалды [2].

Осылайша, 1941 жылдың басында алдыңғы жылдармен салыстырғанда училищелерде, мектептерде және курстарда оқыған саяси қызметкерлердің саны 30-35%-ға өсті. Сонымен қатар, оқу жиындары мен курстарда 11 мыңнан астам запастағы саяси қызметкерлер дайындықтан өтті.

1941 жылдың бірінші жартысында кіші политрук курстары, әскери-саяси училищелер және әскери-саяси академия 10 800 саяси-партия қызметкерлерін шығарды.

Әскери комиссарлар институты БКП (б) ОК Саяси Бюросының шешімі негізінде 1941 жылғы 16 шілдеде қайта енгізілді (дәлірек айтқанда, қалпына келтірілді).

1941 жылдың 9 шілдесінде МҚК-нің «Армия әскери кеңестерінің мүшелері туралы» Қаулысы қабылданды.

Бұдан бұрын, 1941 жылғы 27 маусымда БКП(б) ОК Саяси Бюросы «Полктердегі саяси-партиялық ықпалды күшейту үшін коммунистерді іріктеу туралы» Қаулы қабылдады. Осы Қаулыға сәйкес, партияның облыстық комитеттері 18 мыңнан астам коммунистер мен ең жақсы комсомолдарды саяси жауынгер ретінде таңдап, әскерге жіберуге міндетті болды. Үш күннен кейін Саяси Бюро 26 облыстың облыстық комитеттеріне үш күн ішінде тағы 23 мың коммунист пен комсомолды таңдап алып, оларды Халық Қорғаныс комиссариатының қарамағына беруді міндеттеді. Соғыстың алғашқы 6 айында 100 мың саяси жауынгер әскерге жіберілді. Олардың негізгі міндеті «армия мен флоттың жеке құрамын фашистік басқыншыларға қарсы шешуші және жанқиярлық күреске жұмылдыру» болды.

1942 жылғы 9 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Толық дара басшылықты белгілеу және Қызыл Армиядағы әскери комиссарлар институтын тарату туралы» Жарлығымен Комиссарлар институты саяси бөлім бойынша командирлердің орынбасарлары (замполит) институтымен ауыстырылды. Саяси жұмыс әр командирдің қызметтік міндетіне айналды. Осыған байланысты саяси органдар, партиялық және комсомол ұйымдары командирлерге саяси және әскери тәрбие тәжірибесін зерттеуге көбірек көңіл бөле бастады. Кейін көптеген саяси қызметкерлер командалық лауазымдарға ұсынылды [3].

Сонымен бірге, майдандар мен армиялардың Әскери кеңестері мүшелерінің лауазымдары сақталды. 120 мың саяси қызметкер командалық лауазымдарға ауыстырылды, үш мың адам КСРО Халық Қорғаныс Комиссариаты жанындағы жаңадан құрылған «СМЕРШ» қарсы барлау Бас басқармасына жіберілді.

Сталинді әскери комиссарлар институтын жоюға соғыстың алғашқы кезеңіндегі жеңілістер мен сәтсіздіктерден кейін құрылған командирлік кадрлардың үлкен тапшылығы мәжбүрледі.

Мысалы, тек 1941 жылдың жазында Киев маңында қоршалған ЖШҚА командалық құрамның 60 000-ға жуық адамынан айырылды. Кейбір деректерге сүйенсек, әскери комиссарлар институты көптеген әскери басшылардың талабы бойынша да жойылды.

Мысалы, 1942 жылдың күзінде Конев Сталинмен әңгіме барысында Қызыл Армиядағы әскери комиссарлар институтын тарату туралы мәселе көтерді, бұл институт қазір қажет емес деп сендірді. «Қазір әскерде қажеттінің ең бастысы – дара басшылық», - деді Конев.

Авиацияның Бас маршалы Головановтың айтуынша, Коневтің сөздері Сталинге әсер етті және ол осы мәселе бойынша пікірлерді анықтай бастады. Әскери жетекшілердің көпшілігі Коневті қолдады және Саяси Бюроның шешімімен армиядағы комиссарлар институты жойылды.

Командирлердің саяси бөлім бойынша орынбасарларының комиссарлық өкілеттіктері болмады, олардың функциялары жеке құрам арасындағы саяси жұмыстармен шектелді. Ұйымдастыру жағынан, саяси бөлім бойынша орынбасарлар ерекше мәртебеге ие болмады, командирдің орынбасарларының бірі болып саналды және оған толықтай бағынды. Көп жағдайда лауазымдарды ауыстырғаннан кейін бөлімдер мен құрамалардың комиссарлары автоматты түрде саяси бөлім бойынша орынбасарларға айналды. Саяси құрамның әскери атақтары бар адамдарға жалпыәскери әскери атақтар берілді (әдетте, қайта аттестаттау кезінде атқарған лауазымы бойынша, әдетте тиісті командирдің штаттық атағынан бір саты төмен).

1942 жылғы 28 шілдеде Халық Қорғаныс Комиссары бұйрық шығарды, ол әскерлерде «Бір қадам артқа шегінбеу» («Ни шагу назад») деп аталды. Осыған орай ЖШҚА-ның Бас саяси басқармасы тиісті директива шығарды. Бұл құжаттарды командирлер мен саяси қызметкерлер армияның барлық жеке құрамына белсенді түрде түсіндірді.

Партия жиналыстарында қиындықтарға шағымданғандар, жоғары жауынгерлік белсенділік пен батылдық танытпағандар қатты сынға алынды. Партия бюроларында коммунистердің жауынгерлік жұмыстағы үлгі-өнегесі, ұрыстағы қайсарлығы туралы есептері тыңдалды.

Соғыс кезіндегі шешуші бетбұрыстан кейін партиялық жұмыстың ерекшелігі оның жауынгерлік жетістіктер жағдайында, біздің әскерлеріміздің жалпы шабуылы жағдайында жүзеге асырылуы болды.

